

І ТУЫ

ОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

октябрь Бейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Біздің ісімізді ойдағандай алға бастырып отыру үшін бұрыс істерге қарсы батыл күрес жүргізіп отыру керек, жұмыстағы кемшіліктерді жоюға партияның және барлық совет адамдарының назарын аударып отыру керек, ал мұның үшін өзара сыйды және әсресе төменнен көтерілген сыйды кеңінен өрістету қажет.

(БК(б)П Орталық Комитетінің секретары
Г. М. Маленков жолдастың баяндамасынан).

Орталық Комитетінің партияның съезіне есепті баяндамасы

Комитетінің секретары Г. М. МАЛЕНКОВ жолдастың баяндамасы

мұның арқасын-
с дәрежесі арта-
м тұсында қоғам-
өнімді болуының
ық мүдделерінің
сібіміздегі еңбек
мүмкіншіліктері
ланылады. Ед
ындардың еңбек
орындамауы осы-
іктер бұл маңыз-
шұғылданатынын
өнімділігі тапсыр-
рында орынды-
нына, министрлік
бір саладағы қол-
мен қанағаттана-
рындарды алға
арылардың дәре-
шаралар қолдан-
жұмыстарды меха-
ар құралдарының
дарынан еңбек
елді; жабдықта
қарайтындықты

былай да мейлінше өркендету береміз.
(Ұзақ қолшапалақтау).
Б. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
Есеп беріп отырған дәуірдің бас кезіне дейін, яғни партияның XVIII съезінің кезіне дейін, елімізде колхоз құрылысы түпкілікті бекініп, колхоздар нығайды, егіншіліктің бірден бір формасы ретінде шаруашылықтың социалистік системасы орнықты.
Соғыс ауыл шаруашылығының өркендеуін уақытша кідіртіп, әсресе оккупацияға ұшырап, колхоздарын, МТС-тері мен совхоздарын гитлер басқыншылары күйзелткен, талап кеткен аудандарда зор зиянын тигізді. Бірақ, соғыс уақытының орасан зор қиыншылықтарына қарамастан, шығыс аудандардың колхоздары мен совхоздары армия мен халықты азық-түлікпен, ал жеңіл өнеркәсіпті — шикізатпен үздіксіз жабдықтап отырды. Колхоз құрылысы болмаса, колхозшылар мен колхозшы әйелдердің жанқиярлық еңбегі болмаса, олардың жоғары саяси саналылығы мен ұйымшылдығы болмаса, біз бұл аса қиын міндетті шеше алмаған болар едік.
Бейбіт құрылысқа көшкеннен кейін

рынғыша бағалауға болмайды. Келтірген мәліметтерден көрініп отырғанындай, астық өндіру саласындағы табыстардың үстінде, бізде мақта, қант қызылшасы, майлы, жемшөп және басқа ауылшаруашылық дақылдарының өндірісін өркендету жөнінде зор табыстарға қол жетті. Біздің кәзіргі егіншілігіміз сапасы жағынан басқа болып отыр, ол бұрынғы өнімділігі аз, әкстен сивтік егіншіліктен мүлде өзгеше. Егер ССРО-да барлық ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемі 1952 жылы, 1913 жылғымен салыстырғанда, 1,4 есе, ал дәнді дақылдардың көлемі 5 процент артық болса, техникалық және огород-бақша дақылдарының көлемі 2,4 еседен аса, ал жемшөп дақылдарының көлемі 11 еседен аса артып отыр. Егін шаруашылығының товарлы өнімінің жалпы құнының 40 проценті кәзір техникалық дақылдардың үлесіне тиеді. Демек, егіншіліктің табыстары тек астық өндірісінің дәрежесімен ғана бағалау өрескел қате болар еді.
Соғыстан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылығын жаңа техникамен қаруландыруға көп көңіл бөлінді. Мұнысыз біз ауыл шаруашылығын қалыңдауға қол жеткізе алмаймыз.

қылдары мен картоптың егістік көлемдерінің үлес салмағы неғұрлым ұлғайтылған болуға тиіс.
Соғыстан кейінгі жылдарда, егіншілікті өркендетуде елеулі табыстарға қол жетуге байланысты, мал шаруашылығын өркендету партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндеті болып қойылды. 1945 жылғы июльде 1952 жылғы июльге дейінгі дәуірдің ішінде ССРО-да сыйыр малының саны 13,4 миллион, қой—41,8 миллион, шошқа — 21,2 миллион, жылқы—5,6 миллион өсті. Шаруашылықтың барлық категорияларында соғыстан бұрынғы 1940 жылдың дәрежесі сыйыр малының саны жөнінде 1948 жылы қой саны жөнінде —1950 жылы, ал шошқаның саны жөнінде — үстемізіндегі жылы жеткізілді. Малшаруашылық өнімінің өндірісін берік негізге қою үшін партия колхоздар мен совхоздарда қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуге ерекше көңіл бөліп отыр. Кәзір колхоздың мал шаруашылығы совхозымен бірге малдың жалпы сағының үлес салмағы жөнінде болсын, сол сияқты мал шаруашылығын қалыңдауға қол жеткізе алмаймыз.

Соғыстан кейінгі жылдарда ирригациялық құрылыстар және егін қорғайтын ағаштар егу жұмыстары бұрынғыдан зор зор көлемде өріс алды. Закавказье республикаларында ірі-ірі суару системалары салынып жатыр, мұнда іс жүзінде суарылатын жерлердің көлемі, осы жұмыстардың нәтижесінде, таяудағы жылдардың ішінде біржарым еседен артық көбейеді. 1947 жылдан бастап дәнді, техникалық және басқа ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты өнім алу үшін орталық қарағанды аймағы өңірде—Курск, Орел, Воронеж және Тамбов облыстарында аса шұрайлы, бірақ қуаныштылыққа ұшырап келген жерлерді суландыру жұмыстары жүргізілуде. 1948 жылдан бастап ССРО-ның европалық бөлігіндегі далалық және орманды-далалық аудандарда егін қорғайтын ірі-ірі мемлекеттік орман алқаптарын жасап колхоздар мен совхоздарда егін қорғайтын ағаштар егу, тоғандар мен су қоймаларын салу жөнінде үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соңғы үш жарым жылдың ішінде колхоздар, совхоздар және орман шаруашылықтары 2,6 миллион гектар жерге егін

орындауын қамтамасыз етуге, шығарылатын өнімнің сапасын үнемі жақсартуға беруге, кәсіпорындардың жұмысты дұрыс атқаруына бөгет жасайтын себептерді ашып, толығынан жойып отыруға міндетті.

Өнеркәсіптің барлық салаларында еңбек өнімділігінің одан әрі мейлінше арттырылуын қамтамасыз ету міндетіне айрықша көңіл бөлу керек.

Біздің партиямыз социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде, социалистік өндірісті ұлғайтып, жетілдірудің аса маңызды шарты ретінде, еңбек өнімділігін үнемі арттыра беруге ардайым ұмтылып келді. ССРО-да өндірісті дамыту жолында орасан зор табыстарға, көбінесе, осының арқасында жеттік. 1940 жылдан 1951 жылға дейінгі дәуір ішінде өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 50 процент артты, ал өнеркәсіп өнімінің бұл дәуір ішінде өскен бөлегінің 70 проценті еңбек өнімділігінің артуы есебінен алынды. Құрылыста еңбек өнімділігі бұл дәуір ішінде 36 процент артты.

ССРО-да еңбек өнімділігінің тез өсуі — ең алдымен жаңа техника мен озат технологиялық процестерді халық шаруашылығына кеңінен еңгізудің нәтижесі, өндірісті механикаландырудың және электрлендірудің, әсіресе көп еңбекті керек ететін жұмыстар мен ауыр жұмыстарды механикаландырудың нәтижесі, сол сияқты еңбекті жақсы ұйымдастырып, еңбекшілердің жалпы білім және мәдениет дәрежесін арттырудың, олардың өндірістік мамандығын арттырудың нәтижесі. Шаруашылықтың социалистік системасы ең жаңа техниканы қолдануға ұшы-қыйыры жоқ кең өріс ашады. ССРО-да машиналар тек еңбекті сақтап қана қоймайды, сонымен бірге қызметкерлердің еңбегін жеңілдетеді, осы себепті, капитализм жағдайынан өзгеше социалистік шаруашылық жағдайында жұмысшылар еңбек процесінде машиналарды зор ынтамен пайдаланады. Совет жұмысшысы еңбек өнімділігін арттыруға тікелей мүдделі, өйткені ол бұл ісімен ССРО-ның экономикалық

кәсіпорындар мен құрылыстарға керекті жұмысшылардың санын белгілегенде, іс жүзіндегі қажетін жеткілікті зерттемейінше, жұмысшы күшінің дұрыс пайдаланылуын тексермейінше белгілейді. Кәсіпорындарда, әсіресе құрылыстарда жұмысшылардың «тұрақтамауы» әлі де бар, мұның өзі өндіріске көп зиян келтіреді.

Еңбек өнімділігін арттыру ісінде техникалық нормалаудың зор маңызы бар. Солай бола тұрса да көптеген кәсіпорындарда техникалық нормалаудың жолағай қойылуы қанағаттанғысыз. Әлі де болса көбінесе кемітілген нормалар, тәжірибелік-саналық деп аталатын нормалар, өндіріс техникасының қазіргі дәрежесіне сай келмейтін, озат жұмысшылардың тәжірибесін көрсетпейтін және еңбек өнімділігінің артуына жағдай туғызбайтын нормалар қолданылады. Тәжірибелік-саналық нормалар әлі де зор орын алады, көп кәсіпорындарда барлық қолданылатын жұмыс нормаларының 50 процентінен асады.

Партия, шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарының міндеті — еңбек өнімділігінің артуына бөгет жасайтын себептерді неғұрлым тез жойып, халық шаруашылығының барлық салаларында, әрбір кәсіпорында, әрбір өндіріс участогінде еңбек өнімділігін арттыру тапсырмаларының толық және асыра орындалуын қамтамасыз ету. Қолымызда бар зор техниканы пайдалану ісіндегі кемшіліктерді батыл жойып, өндіріс процестерін комплексті және механикаландыру және автоматтандыру программасын қажырлылықпен жүзеге асыру керек, халық шаруашылығының барлық салаларында ғылым мен техниканың ең жаңалықты табыстарын кеңінен еңгізу керек, еңбекті және өндірісті ұйымдастыру формалары мен әдістерін үнемі жетілдіре отырып, жұмысшы күшінің пайдалануды жақсарту керек.

Жолдастар! Біздің өнеркәсібіміз өсіп, өркендеп, барған сайын қуатты және техника жағынан жетілген өнеркәсіпке айналады. Біз Отанымыздың қуатының және совет халқының тұрмыс күйін жақсартудың негізі болып табылатын социалистік өнеркәсібіміздің өндірілген күштерін мұнан

астық өндірісі соғыс өткеннен кейінгі үшінші жылда қалпына келтірілді, сөйтіп одан кейінгі жылдарда товарлы астықтың мықтап өсуімен қатар, үнемі көбейіп отырды. Быйылғы, 1952 жылғы астықтың жалпы түсімі 8 миллиард пұт болды. (Ду қолшапалақтау), сонымен бірге аса маңызды азық-түлік дақыты — бидайдың жалпы түсімі 1940 жылғымен салыстырғанда 43 процент көбейді. (Қолшапалақтау).

Сонымен, бұрын неғұрлым қауырт және елеулі проблема болып саналып келген астық проблемасы ойдағыдай шешілді, түпкілікті және біржолата шешілді. (Ұзақ ду қолшапалақтау).

Соғыстан кейінгі дәуірде әсіресе мақта мен қант қызылшасының өндірісі тез қарқынмен өсті: 1951 жылы шитті мақтаның жалпы өнімі соғысқа дейінгі дәрежесінен 46 процент, қант қызылшасы 31 процент артты. Быйылғы жылы бұл аса маңызды дақылдар бұрынғыдан да бітік өсірілді. Майлы дақылдар, картоп және жемшөптік дақылдар өндірісі соғыстан бұрынғы дәрежесінен асып түсті, мұнда құнарлы мал азығының (азықтық тамырлы жемістің, жемшөптік бақшалық және сүрленетін дақылдардың) жалпы түсімі 1951 жылдың өзінде 1940 жылдағыдан 25 процент артты. Соғыстан кейінгі жылдарда зығыр мен овоң-бақша дақылдарының өндірісі едәуір көбейді. Бірақ партия, совет және ауылшаруашылық орындарының бұл қажетті дақылдардың өндірісіне жете көңіл бөлмеуінен бірқатар облыстарда зығыр және овоң өнімдері осы уақытқа дейін соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткен жоқ.

Быйылғы жылы, өткен жылдардағы сияқты, астық дайындаудың, мақта, қант қызылшасын, майлы тұқымдар, картоп, овоң және басқа егіншілік өнімдерін, сол сияқты мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарлары ойдағыдай орындалуда.

Біздің егіншілігіміз барған сайын жетілдірілген, аса өнімді болып, товарлы өнімді барған сайын көп беруде. Егіншілігіміздің дамуындағы бұл аса маңызды өзгешелікті түсіну керек. Қазір, астық проблема сы ойдағыдай шешіліп отырған кезде, еңгі егіншіліктегі қорытындыларды тек шығарылған астықтың саны бойынша ғана ба-

барлығының жалпы саны 8939 орын отыр.

Соғыстан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылығын өркендетуде қолжеткен табыстар егіншілікте бұрынғыдан да ірі міндеттерді шешуге жағдай жасады. Халық шаруашылығының мүдделері мен совет халқының әл-ауқат жағдайын одан әрі жақсарту міндеттері ауылшаруашылық өнімінің өндірісін бұдан да мықтап көбейтуді талап етеді. Бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасында бесжылдықтың ішінде жалпы түсімді мынадай мөлшерде көбейту көзделген: астық 40—50 процент, оның ішінде бидай 55—65 процент; шитті мақта 55—65 процент; торқалы зығыр 40—50 процент; қант қызылшасы 65—70 процент; күнбағыс 50—60 процент; картоп 40—45 процент, ал жемшөп дақылдарының өндірісінің өсуі шамамен 2—3 есе.

Қазір, егіс көлемінің соғыстан бұрынғы дәрежесі қалпына келтіріліп, одан асып түсіп отырған кезде, егіншіліктің өнімін көбейту ісіндегі бірден-бір дұрыс жол егіннің шығымдылығын одан әрі мейлінше арттыру болып отыр. Егін шығымдылығын арттыру — егіншіліктің басты міндеті. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін егіс жұмыстарының сапасын арттырып, мерзімдерін қысқарту, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын пайдалануды жақсарту, егіншіліктегі негізгі жұмыстардың механикаландырылуын аяқталу болхоздар мен совхоздарда көпжылдық шөл егісімен ұштастырылған ауыспалы егіс тәртібінің неғұрлым тез менгерілуін қамтамасыз ету, тұқым жұмысын жақсарту, жер өңдеудің дұрыс системасын барлық жерде қолдану, тыңайтқыштарды және суармалы жерлердің санын көбейту қажет. Болхоздарда машина-трактор станцияларының ұйымдастырушылық ролін күшейтіп, егін шығымдылығын, ауылшаруашылық дақылдарының жалпы түсімінің жоспарларын орындау үшін, мал шаруашылығын өркендету үшін МТС-тердің жауапкершілігін арттыру керек.

Біздің егіншілігіміз бұдан да гөрі өнімді және жетілдірілген, шөп егісі өрістетілген, ауыспалы егіс тәртібі дұрыс қолданылған, техникалық, жемшөп, овоң да-

сы қоралармен сияқты мал шаруашылығын тарды кеңінен Мал шаруашылығы мол беретін жағдайға етіп өркендету хоздарда маддытарын күшейті өнімді тұқымда на тұқымдарын керек. Мал шаруашылығын дамыту малдың санын жаппай жағрумен дұрыс ұлғайта кін болады.

Соғыстан кейінгі дәуір өсіп нығайып келеді, ғыла қарағанда ғайтты, өнімді шаруашылық өнімдерін Сонымен қатар, елеулі кемшілік уір бөлегінің жетердің бірі — астық өнімдер өндірісі қары болуы. Кеңестер өркендету, өндіріс жақсарту, еңбекшілердің барлық қалаңдыруды өнімдерінің шаруашылығын ісінде совхоздар өрі арттырылуының едәуір көп қажет.

Ауыл шаруашылығын дамыту ісінде ирригация егін қорғайтын орасан зор. Соғыс кезінде қазір қаруланған көптеген салынан болатын суару системасын қалпына келтіріп, осының республикаларында іс жүзінде көлемі біржарым мақта өндірісін маңызды міндет кіндік берді. Егіс жөніндегі жұмыс

(Жалғасы. Басын «Ленин туының» 8 октябрьдегі санынан қараңыз).

Алғашқы Комитетінің партияның өз ішіне есепті баяндамасы

Комитетінің секретары Г. М. МАЛЕНКОВ жолдастың баяндамасы

атадасын
й бөла
елеулі
дарда өн-
құрамы
ларға бе-
ресіадікке
ндықтың
ыты тек-
рдың ең-
уашылық
алмауына
не ауыл-
дарда ең-
күнділік
міндетті.
ным пр-
артельдің
колхозшы
на қарай,
еке кол-
шаруашы
стырылып
колхоз-
уір артты
дейін
еңбеккүн-
ебенші бо-
ығына ба-
еген прак-
рсарынды-
ау жойыл
Партия,
орғандары
ліктің на-
ротехника,
ымдастыру,
басқа мәс-
ар, колхоз-

жалған жеңіл өнеркәсіп үшін шықсат та
толық жеткілікті болады.

В. ТОВАР АЙНАЛЫМЫ, ТРАНСПОРТ, БАЙЛАНЫС

Елімізде өнеркәсіп пен ауыл шаруашы-
лығының өсуімен бірге товар айналымы
да дамыды. Соғыстан кейінгі жылдарда
мемлекеттік және кооперативтік сауда-
ның товар айналымы 2,9 есе артып, соғыс-
тан бұрынғы дәрежесінен едәуір асып
түсті. 1951 жылы, 1940 жылғымен салыс-
тырғанда, мемлекеттік және коопера-
тивтік магазиндерде халыққа: ет және
ет өнімдері 80 процент, балық және ба-
лық өнімдері 60 процент, мал майы 80
процент, өсімдік майы және басқа майлар
2 есе дерлік, қант 70 процент, мата 80
процент, аяқ киім 50 процент артық са-
тылды. Мемлекеттік және кооперативтік
бөлшек сауда орындары көбейді, сатыла-
тын товарлардың ассортименти едәуір көп-
бейтіліп, сапасы жақсартылды. Алайда
бізде сауда саласында әлі де көптеген
елеулі кемшіліктер бар. Сауда ұйымдары
халықтың тілегін әлі де нашар жетпей,
облыстар мен республикаларға товар жет-
кізуде және белуде қателіктер жібереді.
Бірешпінсіз жерлерде товар сатып алушы-
ларға қызмет ету ісі нашар. Міндет мына-
да: болып отырған кемшіліктерді қысқа
мерзімде жойып, совет саудасына жаңа,
неғұрлым жоғары сатыға көтеру керек.
Бесжылны бесжылдық жоспар жөніндегі ин-
рективалардың жобасында мемлекеттік
және кооперативтік сауданың бөлшек сау-
да айналымын бесжылдықтың аяғында,
1950 жылғымен салыстырғанда, шамамен
70 процент арттыру көзделген.

Өндіріс пен товар айналымының өсуі-
мен қатар транспорттың және транспорт
тасымалының барлық түрі өркендеуде

даныс құралдарымен әлі де тыңғылықты
қамтымай келеді.

Транспорт пен байланыстың барлық
түрлерінің жұмысын онан әрі дамытып,
жетілдіре беру қажет, транспорт құралла-
рын ұқыпты сақтап, олардың бүтін бо-
луына үздіксіз қамқорлық жасап отыру
қажет, транспорттың барлық түрлерінің
техникалық базасын өркендетіп, нығайту
қажет, почтаның, телеграфтың, телефо-
ның жұмысын барынша жақсарту қажет.

Г. ҮНЕМШІЛДІК ТӘРТІБІ—ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОНАН ӘРІ ӨРКЕНДЕТУДІҢ АСА МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

ССРО халық шаруашылығын дамыту
өз қорларының есебінен, қор жыйнаудың
ішкі көздерінің есебінен жүзеге асырыла-
ды. Сондықтан біздің партиямыз үнем-
шілдік тәртібін ішкі шаруашылық қорла-
рын жасаудың және жыйналмақ қаражат-
ты дұрыс пайдаланудың аса маңызды
шарты деп қарай, үнемшілдік тәртібін қатаң
сақтау жолындағы күреске әрқашан
зор көңіл бөліп келді, зор көңіл бөлуде.
Үнемшілдік тәртібі социалистік шаруа-
шылықты басқару әдісі ретінде елімізді
индустриализациялау ісінде зор роль атқар-
ды. Кезір, елімізде халық шаруашылығын
жаңадан мықтап өркендету жүзеге асы-
рылып, сонымен бірге көпшілік тұтыны-
сын товарлардың бағасы үнемі кемітіліп
отырған кезде, үнемшілдік тәртібінің ма-
ңызы бұрынғыдан анағұрлым арта түсе-
ді. Өндіріс қорлары неғұрлым толық және
тиімді пайдаланылатын болса, біз өз ша-
руашылығымызды неғұрлым ұқыпты және
іскерлікпен жүргізетін болсақ, біз халық
шаруашылығының барлық салаларында
дамытуда солғұрлым зор табыстарға жете-
міз, халықтың материалдық және мәде-
ниет дәрежесін арттыруда солғұрлым зор

ген 2,9 миллиард сом пайданың орнына
құрылыс ұйымдары осы жылдың ішінде
2,5 миллиард сом зиянға жол берді.

Сонымен, көптеген ысраптар мен өнім-
сіз шығындар ауыл шаруашылығында да
болып отыр. Ауыл шаруашылығы кезіңгі
уақытта техникамен соғыстан бұрынғы
кездегіден едәуір мол жабықтықталды.
Алайда тракторлар мен ауылшаруашылық
машиналарын пайдалану ісінде ірі кемші-
ліктер бар. Көптеген МТС-тер мен совхоз
дарда машина-трактор паркін күту ісі
қанағаттанғысыз, осының салдарынан
ауылшаруашылық машиналары мезгілінен
бұрын тозады, машиналарды жөндеуге
қаржы едәуір артық жұмсалады; жанғыр
және жағар материалдардың көп артық
жұмсалуы орын алып отыр. Осының бәрі
трактор жұмыстарының өзіндік бағасы-
ның қымбаттауына әкеліп соқтырады.
Көптеген МТС-терде, колхоздар мен сов-
хоздарда ұқыпсыздық әлі жойылған жоқ;
істің нашар ұйымдастырылуы салдарынан
егінің өнімі толық алынбай, көп ыс-
рапқа жол беріледі; колхоз мүлкін сақтау
қанағаттанғысыз ұйымдастырылған; мал-
дың нашар күтілуі салдарынан көптеген
колхоздарда малдың өлімі көп және мал
шаруашылығының өнімділігі төмен.

Транспортта да ысраптар мен өнімсіз
шығындар көп. Көптеген темір жолдар,
пароходстволар мен автомобиль шаруашы-
лықтары тасымал жоспарларының орын-
далмауы, вагондардың, кемелер мен ав-
томашиналардың көп қарап тұруы, отын-
ның артық жұмсалуы, ұқыпсыздық нәти-
жесінде ысраптар болуы салдарынан қар-
жының едәуір артық жұмсалуына және
зияндарға жол береді. Паровоз-вагондар-
ды, кемелер мен автомашиналарды сақ-
тауға ұқыпсыз қарау фактілері әлі де

майтындығын, мұндай басшыларды жө-
нге салып отырмайтындығын сыпаттайды.

Міндет мынада: шаруашылық басшы-
лар мен партия ұйымдарының ұқыпсыз-
дық пен ысрапқорлық фактілеріне жем-
құрайды қараушылығын жою керек. На-
ғыз қатаң үнемшілдік тәртібін жүзеге
асыру мәселелеріне біздің бүкіл шаруа-
шылық және партиялық жұмысымызда
әрқашан баса көңіл бөлінуге тиіс. Біз совет
адамдарын қоғамдық, социалистік
меншікке ұқыптылықпен қарау рухында
тәрбиелеу жөнінде үздіксіз қамқорлық жа-
сап отыруға тиістіміз. Материалдық, ең-
бек және ақша қорларын жұмсаудағы те-
рапшылықтың қандайын болса да жойып,
өнімнің өзіндік бағасын кеміту жө-
ніндегі тапсырмалардың орындалуын жа-
не асыра орындалуын үнемі қамтамасыз
етіп отыру керек. Ұқыпсыздыққа қарсы
күресті күшейтіп, өнеркәсіпте, құрылыс-
та, транспортта, ауыл шаруашылығында,
сауда, дайындау және өнім өткізу ұйым-
дарында үстеме шығындарды мықтап азай-
ту керек, мемлекеттік, шаруашылық ап-
паратты ықпалдап, арзандату ісін батық
жүзеге асыру керек, шаруашылық жос-
парлардың орындалуын және үнемшілдік
тәртібінің сақталуын финан-с органдары-
ның ақша арқылы бақылауын күшейту
керек. Біздің шаруашылық кадрларымыз
социалистік шаруашылықты басқару әдіс-
теріне мейлінше жетілуге тиіс, олар өздерінің
техникалық және экономикалық
азірлік дәрежесін арттырып отыруға, өн-
діріс әдістерін үнемі жақсартуға, халық
шаруашылығындағы ашылмай жатқан
мол қорларды іздеп табуға, пайдалануға
міндетті.

* * *

Халық шаруашылығын дамыту жөнін-

міндетті де.

Соныан соң, колхоз дәулетін талай-таралға салу, ауылшаруашылық артелінің Уставын басқа да бұзу фактілері әлі де болса бар екенін мойындау керек. Партия, совет және ауылшаруашылық органдарының кейбір қызметкерлері колхоздардың қоғамдық шаруашылығы мүддесінің күзетінде болудың орнына, колхоз мүліктерін өздері таратып алады, совет заңдарын өрескел бұзу жолына, колхоздар жөнінде бассыздық және заңсыздық жасау жолына түседі. Мұндай қызметкерлер өздерінің қызмет бабын пайдаланып, қоғамдық жерлерді пайдаланады, колхоздардың басқармалары мен председателдерін астықты, етті, сүтті және басқа өнімдерді тегін немесе арзан бағамен беруге, өздерінің өнімді аз малдарын колхоздардың мол өнімді, неғұрлым бағалы малдымен айырбастауға және сол сыяқтыларға мәжбүр етеді. Колхозға қарсы, мемлекетке қарсы осындай әрекеттердің барлығы колхозшы шаруаларға елеулі зиянын тигізеді, колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан оған сайын нығайтуға бөгет болады, партия мен совет мемлекетінің беделін түсіреді. Ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзушылықты батыл жою керек, колхоз дәулетін таратып әкетудегі айыптыларды колхоз құрылысының жаулары ретінде социалистік мемлекет заңдарының барлық қаталдығын қолданып жазалау қажет.

Соныан соң, партия, совет және ауылшаруашылық органдары колхоздарда еңбек ұйымдастыру сыяқты аса маңызды мәселелермен қанағаттанғысыз шұғылданып келгендігін атап айту керек. Жұртқа мәлім, колхоздарда еңбек ұйымдастыру мәселелерінде кейбір басшы қызметкерлер колхоздарда оқшауландырылған звенолар құру және өндірістік бригадаларды жасау жөнінде теріс бағыт жүргізіп келді, мұның өзі іс жүзінде астық шаруашылығын механикаландыруға қарсы бағытталып, колхоздарды әлсіретуге апарып соқты. Бұл қателер мен бұрмалаушылықтарды жою жөніндегі жүргізілген жұмыстар колхоздарда еңбек ұйымдастыруды едәуір дә-

лестіріліп қолдана отырып, еліміздің шығындылығын арттыруда, мал шаруашылығының өнімділігін көбейтуде зор нәтижелерге жетуде. Бірақ колхоздар мен совхоздардың өндірісінде алдыңғы қатарлы тәжірибені насихаттау және енгізу әлі де болса қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Біздің ауылшаруашылық ғылымы ауыл шаруашылығын өркендету ісіне үлкен үлес қосты. Ауылшаруашылық ғылымындағы ғылымға жат идеялар әшкере-ленді және талқандалды, сойтіп ауылшаруашылық ғылымы көзір бірден бір дұрыс-материалистік, мичуриндік негізде дамуда, ауыл шаруашылығын өркендету жұмысында қызметкерлерімізді қаруландыруда. Бірақ, қол жеткен табыстарға қарамастан, ауылшаруашылық ғылымы әлі де болса колхоз және совхоз өндірістерінің талаптарынан кейін қалып қойып отыр. Ауыл шаруашылығының социалистік системасы ғылымға кең өріс ашады, ғылым табыстары мен алдыңғы қатарлы тәжірибені тез таратуға, оларды барлық колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың игілігіне айналдыруға мүмкіндік береді. Партия, совет және ауылшаруашылық органдарының аса маңызды міндеті — ғылыми және практикалық қызметкерлердің творчестволық инициативасын барлық жағынан дамыту, егіннен мол өнім алатын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыратын шеберлердің құтарын көбейту, озаттықтың, прогресшілдіктің бәрін қолдан отыру, колхоз бен совхоз өндірісінің барлық саласында ғылымның жетістіктері мен ауыл шаруашылығындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені неғұрлым тез енгізіп отыру.

Жолдастар! Социалистік ауыл шаруашылығының орасан зор көлемде өсуіне біздің бәріміз қуанамыз. Біздің егіншілігіміз бен мал шаруашылығымыз көзір жаңадан қуатты өрлеу үстінде тұр. Күміз жоқ, бай техникамен қаруланған біздің колхоздарымыз, машина-трактор станцияларымыз, совхоздарымыз ауыл шаруашылығын өркендетуде тағу жылдардың ішінде бұдан да зор табыстарға жетеді және біз елімізде халық үшін азық-түлік молшылығын жасаймыз, ал тез өсіп келе

Су транспортында кеме қатынасы үшін пайдаланылатын ішкі су жолдарының ұзындығы 1951 жылы 1940 жылғыдан 23 мың километр артық болды. Теңіз бөкөзен транспортына жаңа жүк және жолаушы кемелері қосылды. Жүк тиеу, жүк түсіру жұмыстарын механикаландыру дәрежесі 1940 жылғымен салыстырғанда едәуір артып, 1951 жылы Өзен флоты министрлігі бойынша 83 процент және Теңіз флоты министрлігі бойынша 90 процент болды.

Автомобиль транспорты жаңа, неғұрлым жетілген жүк және жеңіл машиналармен жабдықталды. Күм-тас төселіп жак сартылған автомобиль жолдарының жеңісі 1940 жылғымен салыстырғанда 3,1 есе артты.

Соғыстан кейінгі жылдарда байланыс құралдары — почта, телеграф, телефон, радио онан әрі дамытылды. Еліміздің телефон және телеграф желісі кеңейтілді, қалалық телефон станцияларының қуаты арттырылды, көзір барлық аудан орталықтарының облыс орталықтарымен телефон және телеграф байланысы бар, сельсоветтер мен машина-трактор станцияларын телефондандыру негізінен аяқталды. Көзірті уақытта радио қабылдайтын орындардың саны 1940 жылғыдан екі есе дерлік көбейді. Почта алыс-берісі едәуір артты; почта тасыйтын әуе жолдарының ұзындығы 2,5 есе артты.

Транспорт пен байланыс жұмысында қол жеткен табыстармен қатар ірі кемшіліктер бар. Көптеген темір жолдар, паровоздар мен автомобиль шаруашылықтары өздеріне белгіленген жүк тиеу және тасу жоспарларын орындамайды. Вагондар мен кемелердің жүк тиеуде және жүк түсіруде босқа тұруы әлі де көп. Темір жолдарда жүкті тиімсіз және тым алысқа тасу осы уақытқа дейін жойылған жоқ. Автомобиль транспортының жұмысы әлі де нашар ұйымдастырылуда, жүк автомашиналары паркінің босқа тұруы көп, ал жұмыс істейтін автомашиналар көбіне жүксіз бос қайтады. Байланыс саласындағы кемшіліктер жөнінде мынаны айту қажет: байланыс органдары халық шаруашылығы мен халықтың тілектерін бай-

пайдалану және ұқыпсыздықтан ысыратың көп болуы салдарынан көптеген өнер кәсіп орындары өнімнің өзіндік бағасын кеміту жөнінде өздеріне берілген тапсырмаларды орындамайды, көп қаржының артық жұмсалыуына жол береді. Кәсіпорындарда өнімнің өзіндік бағасын жоспарлау ісінде ірі бұрмалаушылықтар орын алып отыр. Кейбір шаруашылық басшылары жеке ведомстволық мүдделерді көздеп, мемлекет мүдделеріне зиян келтіріп, шикізат пен материалдарды жұмсау нормаларын арттыру және бұйымдарға жұмсалатын еңбек мөлшерін дәлелсіз арттыру жолымен өнімнің өзіндік бағасы жөніндегі жоспарларда орынсыз «қорлар» жасайды. Кейбір кәсіпорындарда өнімнің өзіндік бағасын жоспарлаудың осындай мемлекетке жат практикасы министрліктер тарапынан бұл іске тиісті бақылау жоқтығын ысыпатпайды. Әрбір кәсіпорындағы өндіріс жағдайларын шыңдап зерттеу, өнімнің өзіндік бағасын үнемі кемітуді қамтамасыз ететін қажетті шаралар қолдану орнына министрліктер өзіндік бағаны жоспарлы есептерді тексермей және бекітпей жоспарлауға жол береді.

Бұдан кейін, әсіресе құрылыста үнемшілдік тәртібінің нашар қолданылып отырғанын атап айту керек. Бізде құрылыс әлі де қымбатқа түсуде. Құрылысшылар өндіріс шығындарын қысқарту жөнінде өнеркәсіп қызметкерлерінен едәуір артта келеді. Құрылыс жұмыстарын ұйымдастыруда ірі кемшіліктер бар — механикаландыру құралдары қанағаттанғысыз пайдаланылады, еңбек өнімділігі төмен, материалдарды ұқыпсыз жұмсауға жол беріледі, үстеме шығындар өте көп. Күрделі құрылыс ісіндегі ірі кемшілік күш-қаражатты саналуан құрылыс ұйымдарына бығыратуда болып отыр, бұлардың ішінде механикаландыру құралдарын тиімсіз пайдаланатын шағын құрылыс ұйымдары өте көп. Осының бәрі құрылыстың қымбаттауына, өкімшілік-басқару аппаратының далыюына, үстеме шығындардың көбеюіне әкеліп соқтырады. Мысалы, 1951 жылы құрылыста нормадан тыс үстеме шығындар бір миллиард сомнан артық болды және жоспарда белгілен-

де бірқатар мемлекеттік қызметкерлердің қысқартылды. Көбінесе жоғарыда жүргізілді. Өкімші жұмсалатын шығымдар мен ұйымдастыру жұмысының қамқорлық айналған жоқ. Көп мемлекеттік қызметкерлер тыс қызметкерлер тыстық, қалалық тыр мен ұйымдардың адамдар көп.

Тәжірибе мынан басқару аппараты ру, сонымен қатар өткізуді ұйымдастыретін меткерлердің біраз кізді және жеткіз партия ұйымдары таң қызметкерлерді ғын дамыту мақса Тыісті министрлік министрлігі, парти дары бұл кадрлар мамандық алуына, ларды көбірек та алардың өз күшті болуына қамқорлы

Халық шаруашылығында материалдардың жұмсауы көптеген басшылар бін ұмытқандығы ойластырып, үнем самайтындығын, ө орындар мен меке шылық жұмысын қамқорлық көрсет ұйымдарының бұл

2. Хал денсаулы мәдени д

Халық шаруашылығында қол жеткізілген мәдени дәрежесін тере түсеті. Бұл ө

Орталық Комитетінің партияның съезіне есепті баяндамасы

Комитетінің секретары Г. М. МАЛЕНКОВ жолдастың баяндамасы

ан әрі жақсарта алар мен селолары орынның жылғыдан 30 пайызға көбейді және 80 проценті материалдық және халыққа дәрі-жақсартылуы тиім-жітім азайып, халықтың мың адам болса, онда бір миллиард сом, 57,3 миллиард сомда 2,5 еседен көбі жылдардың өткізіліп салынды. Оқушылардың саны немесе 1940 жылда дамып артты. Оқу есеуір старда оқушының саны 1951 жылға проценті көбейді және орта дәрежесінде оқушының санында 40 проценті артты. 1952 жылы оқу орындағы арауан саясат маман даяр-жылы жаңадан. Көзіргі уақытта орта дәрежелі маман — соғысқа дейін

Сонымен қатар кинематографиядағы сыяқты, біздің совет беллетристикасы мен драматургиясында да көркем шығармаларының сатира сыяқты түрлері осы уақытқа дейін жоқ. Біздің совет өмірінде сатира боларлық материал жоқ деп ойлау дұрыс болмас еді. Бізге теріс нәрсенің, ірік-шіріктің, өліп-өшкеннің бәрін, ілері басуға кедергі келтіретінінің бәрін сатирамен өртеп отыратын совет гогольдері мен шедриндері керек.

Біздің советтік әдебиетіміз бен искусствомыз өмірдегі қайшылықтар мен конфликтілерді бағыл көрсетіп отыруға, тәрбиелеудің өтімді құралдарының бірі ретінде сын қаруын шебер пайдаланып отыруға тиісті. Реалистік искусствоның күші мен маңызы — оның қатардағы адамның жоғары дәрежелі адамгершілік қасиеттерін, адам мінезінің шынайы жақсы жақтарын айқындап аша алатындығында және айқындал ашуға тиіс екендігінде, адамдардың үлгі етуіне және еліктеуіне лайық жарқын көркем бейне жасай алатындығында және жасауға тиісті екендігінде.

Біздің суретшілеріміз, әдебиетшілеріміз, искусство қызметкерлері өздерінің көркем образ жасау жөніндегі өнерпаздық жұмысында әрқашан мынағы есте ұстауға тиіс: неғұрлым жиі кездескен нәрсе ғана шынайы емес, көзіргі әлеуметтік күштің мәнін мейлінше толық және мейлінше әсерлі етіп білдіретін нәрсе шынайы болады. Марксизм-ленинизм тұрғысынан қарағанда шынайы дегеніміз әсте статистиканың қайдағы бір орта мөлшері деген сөз емес. Шынайылық жай ғана көп тараған, жиі қайталайтын, дағдылы нәрсе емес, белгілі бір әлеуметтік-тарихи құбылыстың мәніне сәйкес нәрсе. Образ

көрсету шынайылықтың шырқын бұзбайды, қайта оны айқынырақ ашып жеткізе көрсетеді. Шынайылық дегеніміз — реалистік искусствода партиялықтың көрсететін негізгі сферасы болып табылады. Шынайылық проблемасы дегеніміз — әрқашан саяси проблема.

Әдебиет және искусство қызметкерлерінің алдында тұрған жоғары дәрежелі және ізгі міндет біз суретшілеріміз бен әдебиетшілеріміздің жұмысындағы шалағайлықпен бағыл күрескенде ғана, әдебиет пен искусство шығармаларына жалғандық пен ірік-шірік аяусыз аласталағанда ғана ойдағыдай орындала алады. Қоғам өмірінде жаңаны, игіні өсіру және ескірін қаусағанды, өліні түп тамырымен күрту жөніндегі ұлы күресте біздің әдебиет және искусство қызметкерлеріне зор міндеттер жүктеледі. Біздің жазушылардың, суретшілердің, композиторлардың, кинематография қызметкерлерінің борышы — совет қоғамының өмірін тереңірек зерттеу, біздің ұлы халқымызға лайық ірі көркем шығармалар жасау. **(Қолшапалақтау).**

Жолдастар! Совет халқының материалдық алғауақтың жақсарту және мәдениетін көтеру ісінде біздің ірі табыстарымыз бар. Бірақ біз қол жеткенмен тыныш қала алмаймыз. Міндет — бүкіл халық шаруашылығын өркендету негізінде совет адамдары тұрмысының материалдық және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыра беруді қамтамасыз ету болып отыр. Партиямыз совет адамдарының үздіксіз өсіп отыратын тілектерін барынша толық қанағаттандыруға бұдан былай да қажымай қамқорлық көрсетіп отырады, өйткені совет адамның игілігі, совет халқының көркеюі біздің партиямыз үшін ең жоғарғы заң болып табылады.

Соғыстан кейінгі дәуірде біздің мемлекетіміздің негізгі қызметі — шаруашылық ұйымдастыру және мәдени-тәрбие жұмысын атқару қызметі бұрынғыдан да гөрі өркендеп, күшейді. Социалистік құрылыстың кең құлаш сермеуі және партия, совет басшылығын ауданға, қалаға, селоба бұрынғыдан да гөрі жақындату міндеттері біздің мемлекетіміздің әкімшілік-территориялық құрылысына біресе-біресе өзгерістер енгізуді — жаңа облыстар, округтер мен аудандар құруды керек етті. Халық шаруашылығының өсуі өнеркәсіптің, ауылшаруашылығының өртүрлі салаларына, халық шаруашылығының басқа да салаларына мемлекеттік басшылық етудің ұйымдық формаларына бұрынғыдан әрі өзгерістер енгізе беруді керек етті. Мұның өзі мемлекеттік басқарудың орталық органдарын ықшамдау және жаңа органдар құру еді.

Біздің мемлекетімізді нығайтуда Сталиндік Конституцияның негізінде жатқан социалистік демократизм принциптерін мүлтіксіз жүзеге асырудың маңызы орасан зор болды. Соғыстан кейінгі жылдарда ССРО Жоғарғы Советінің, одан тыс және автономиялық республикалардың Жоғарғы Советтерінің, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауы екі рет өткізілді. Бұл сайлаулар зор саяси белсенділік жағдайында өтті және біздің халқымыздың бірлігінің, біздің коммунист партиясы мен Совет үкіметіне халықтың шексіз сенімінің жаңа белгісі болды. **(Ду қолшапалақтау).**

Партияның ішкі саясат саласындағы міндеттері:

1) социализмнен коммунизмге өту жолындағы маңызды кезең болып табылатын ССРО-ны өркендетудің бесінші бес-жылдық жоспарының үлкен міндеттерін

өтімділігін арттыру, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы өнімін молайту міндетін сөзсіз орындауды қамтамасыз ету. МТС-тер мен совхоздардың жұмысын жақсартуға беру, Колхозшылардың еңбек өнімділігін арттыра беру, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын бұрынғыдан гөрі нығайта беру, олардың дәулетін молайта беру, сөйтіп осының негізінде колхозшы шаруалардың материалдық ал-ауқатының бұрынғыдан да гөрі артуын қамтамасыз ету;

4) халық шаруашылығының барлық буындарында және басқарудың барлық салаларында өте қатаң үнем тәртібін жүзеге асырып отыру;

5) дүниежүзілік ғылымда бірінші орын алу міндетін алға қойып, озат советтік ғылымды бұрынғыдан да гөрі дамыта беру. **(Қолшапалақтау).** Ғалымдардың күшін еліміздің зор табиғат қорларын пайдаланудың ғылыми проблемаларын неғұрлым тез шешуге бағыттап отыру. Ғылымның өндіріспен творчестволық ынтымақтастығын, ғылымды практиканың тәжірибесімен байытатындығын, ал практикалық қызметкерлерге олардың алдында тұрған міндеттерді тез орындауларына көмектесетіндігін ескере отырып, бұл ынтымақтастықты нығайта беру;

6) біздің Отанымыздың еңбекшілерінің творчестволық инициативасын барынша күшейте беру, социалистік жарысты кеңінен өрістете беру, социалистік құрылыстың барлық учасқотерінде еңбекті жаңаша жолға қоюдың жақсы, өнегелі үлгілері неғұрлым көп болуына үздіксіз қамқорлық ете беру, жұмыс істеушілердің бар-ша бұқарасы арасында бұл өнегелі үлгілерді қажымастан кең тарата беру, сөйтіп еңбек майданында біздің қоғамның озат еңбекшілеріне тәнелу ісін барған са-

(ақшаға шаққанда) кемінде 40 процент арттырылуы көзделіп отыр.

Біздің елде тұрғын үй және коммуналдық шаруашылықтың үлкен құрылысы жүзеге асырылуда. Тек соғыстан кейінгі жылдарда ғана қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жалпы көлемі 155 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй және селолық жерлерде 3,8 миллионнан астам тұрғын үй салынды. Әресе оккупацияға ұшыраған аудандарда тұрғын үй салу жөнінде көп жұмыстар жүргізілді. Алайда, тұрғын үй құрылысының көлемі зор екендігіне қарамастан, бізде әлі де болса барлық жерде бірдей тұрғын үйдің өте-мөте талпынығы байқалып отыр. Көп министрліктер мен жергілікті Советтер тұрғын үй құрылысы жөнінде өздеріне белгіленген жоспарларды жылдан-жылға орындамай келеді және мемлекеттің бұл мақсатқа арнап бөлген қаражаты түгел пайдаланылмай келеді. Соңғы екі жылдың ішінде ғана тұрғын үй құрылысы жоспарларының орындалмауы себепті 4 миллионнан астам шаршы метр тұрғын үй кем салынды. Еңбекшілердің тұрғын үй жөніндегі мұқтажына қамқорлық істеуді екінші дәрежелі іс деп қарайтын және тұрғын үй салу және оны жөндеу жоспарларын орындау шараларын істемейтін басшы шаруашылық және партия қызметкерлері бізде әлі жоқ емес. Міндет тұрғын үй құрылысын барынша ұлғайтуда болып отыр. Бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасында мемлекеттік тұрғын үй құрылысына жұмсалатын күрделі қаржыны төртінші бесжылдықтардан шамамен екі еселей арттыру көзделіп отыр.

Партия мен үкмет халқымыздың денсаулығын сақтаудың қамын арқашан ойлап отырды және ойлап та отыр. Денсаулық сақтау ісіне жұмсалатын мемлекеттік шығындар, бұл мақсатқа әлеуметтік хауіпсіздендіру қаражатының есебінен жұмсалатын шығындарды қоса есептегенде, 1940 жылғы 11,2 миллиард сомнан көбейіп 1951 жылы 26,4 миллиард сомға жетті. Осының негізінде халыққа дәрігерлік және санитариялық жағынан қыз-

дығы мұны анық дәлелдеді. Әдебиет пен искусствоның 2339 қызметкеріне Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген жары атақ берілді.

Алайда, үлкен табыстарға қарап, әдебиетіміз бен искусствомызды өркендетудегі ірі кемшіліктерді көрмеу дұрыс болмас еді. Өңгіме мынада: әдебиет пен искусствоны өркендетуде елеулі табыстар бола тұрса да, көп шығармалардың идеялық-көркемдік дәрежесі әлі де болса ойна жоғары болмай келеді. Әдебиет пен искусствода шамалы, сүреңсіз, ал кейде совет өмірін бұрмалайтын мүлдем шалағай шығармалар әлі де көп кездеседі. Совет қоғамының қайнаған сан алуан тамаша тұрмысы кейбір жазушылар мен суретшілердің творчествосында солғын, көңілсіз суреттеледі. Искусствоның кино сыяқты маңызды және жүректе түсінікті түрінде кемшіліктер жойылған жоқ. Бізде үлкен тәрбиелік маңызы бар жақсы фильмдерді жасай біледі, бірақ мұндай фильмдер әлі де болса аз шығарылып жүр. Біздің кинематографияның жақсы және алуан түрлі кинокартиналарды көп шығаруға барлық мүмкіндіктер бар, бірақ бұл мүмкіндіктер нашар пайдаланылды.

Совет адамның идеялық және мәдени дәрежесі өлшеусіз өскендігін, оны көркемдік талғау сезіміне партия әдебиет пен искусствоның маңдай алды шығармалары арқылы жетілдіріп отыратындығын ескеріп отыру керек. Совет адамдары сүреңсіздікке, идеясыздыққа, жалғандыққа төзбейді және біздің жазушыларымыз бен суретшілеріміздің өнеріне жоғары талаптар қойып отырады. Біздің жазушыларымыз бен суретшілеріміз қоғам ішінде орын алып жүрген кемістіктерді, кемшіліктерді, зиянды жағдайларды өздерінің шығармаларында түйреп отыруға тиіс, жағымды көркем образ арқылы жаңа типті адамдарды адамгершілік асыл, ізгі қасиеттерімен түгел көрсетуге тиісті. Сөйтіп біздің қоғамымыздың адамдарын капитализм тудырған мерездер мен кемістіктерден сау мінездерге, дағдыларға, әдеттерге үйретуге көмектесуге тиісті.

де жеңіп, ал басқа елдердің көпшілігінде капитализм үстем болып отырған жағдайда, жеңген революция елі өз мемлекетін әлсіретуге емес, қайта барынша күшейтіп отыруға тиіс, егер капиталистік қаршау қалса, мемлекет коммунизм тұсында сақталады. Егер біз өз мемлекетіміздің әлсіреуіне жол берген болсақ, біздің бейбіт құрылыста кезір мақтан етіп отырған табыстарға ие бола алмас едік. Егер өз мемлекетімізді, біздің армияны, біздің жазалау және разведка органдарын нығайтып отырмаған болсақ, жаулар алдында және соғыста талқандалу хауіп алдында біз қарусыз қалған болар едік. Партия советтік елді социализмнің мызғымас берік қамалына айналдырды, өйткені партия социалистік мемлекетті барынша нығайтып келді және барынша нығайтып отыр. **(Ду қолшапалақтау).**

Біздің елімізге шабуыл жасағанда, фашист басқыншылар советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысы ішкі жағынан берік емес, совет тылы әлсіз деп есеп етті. Бірақ, жалпыға мәлім, соғыс олардың бұл есебінің күлін көкке ұшырды. Соғыс бола қалған күнде біздің еліміздің тылы мен майданы, олардың біртектілігі және ішкі біртұтастығы себепті, қандай да болса басқа елдерден берік болады деген Сталин жолдастың тарихи мәлімдемесі толық дәлелденді. Соғыстың барысында советтік державаның қарулы күштері мен тылы нығайды. Совет атамдарының тылдағы жанқиярлық еңбегі және Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз флотының майдандағы қаһармандық күресі халықтың Отанды қорғаудағы бұрын-соңды болып көрмеген батырлық ісі болып тарихқа кірді. Біздің Армия мен Флот Сталин жолдастың қолма-қол басшылығы арқасында құрылып, нығайып, күресті. **(Көпке дейін басылмаған ду қолшапалақтау).**

Данышпан қолбасшы және совет халқының Ұлы Отан соғысындағы тарихи жеңістерінің ұйымдастырушысы Сталин жолдас алдыңғы қатарлы советтік соғыс ғылымын жасады, біздің Армиямызды жауды жеңу өнерімен қаруландырды. Біздің халқымыз өзінің Армиясы

Одағы халықтарының арасында достық пен өзара ынтымақты күшейтіп отырды, біздің еліміздің халықтарының ұлттық мәдениеттері гүлденіп көркеюін барынша қолдап, қамтамасыз етіп отырды және оны көтермелеп отырды, барлық және қандай да болса ұлтшылық элементтерге қарсы мейрімсіз күрес жүргізіп отырды. Соғыстың ауыр сындарына төтеп берген, бүкіл дүние жүзі үшін ұлттардың шын теңправолылығы мен достығының үлгі, өнегесіне айналған советтік мемлекеттік құрылыс ұлғамас есі жөніндегі лениндік-сталиндік идеялардың ұлы салтанатын көрсетуде. **(Ұзақ қолшапалақтау).** СССР халықтарының бірлігі мен достығын біздің партиямыз көздің қарашығындай сақтауда және бұдан былай да көздің қарашығындай сақтайды, советтік көп ұлтты мемлекетті нығайтып келді және бұдан былай да нығайта береді. **(Ду қолшапалақтау).**

Есеп беріп отырған дәуірдің ішінде советтік семьяға жаңа халықтар келіп кірді. Литва, Молдавия, Латвия, Эстония Советтік Социалистік республикалары құрылды. Бүкіл украин халқы біртұтаст мемлекет ішінде қайта тұтасты. Белоруссия бүкіл белорус халқын бір семьяға жыйып біріктірді. Солтүстік-батыста біз неғұрлым әділетті және ел қорғау мүдделеріне неғұрлым сай келетін жаңа шекараларға иеміз. Қыйыр Шығыста Совет Одағы бұрын Россиядан бөлініп әкетілген Оңтүстік Сахалин мен Курильск аралдарын өзіне қайтарып алды. Кезір Совет Одағының мемлекеттік шекаралары біздің еліміздің халықтары өркендеуінің тарихи қалыптасқан жағдайларына неғұрлым сай келеді. **(Қолшапалақтау).**

Туысқан республикалардың халықтарының жәрдеммен жаңа одақтас республикалар қысқа мерзімнің ішінде индустриаландыру ісінде көп алға басты, тек оғана емес, сонымен бірге ұсақ шаруа шаруашылықтарын социализм жолына көшіруді жүзеге асырды, коллективтендіруді аяқтады және социалистік ауыл шаруашылығын ойдағыдай өркендетуде.

лып табылады. Біздің партия елдің ішінде өзірленуінің барлық жауды талқанғы дәуірде халықтап өркендеуіне қолдау береді.

Совет халқы тарихи жеңісі, партия мерзімлік шаруашылығы өркендеуі, дық әл-ауқаты артуы, советті яси бірлігінің дың достығының төңірегінде партия лагерінің суы—біздің п дұрыстығын д дылар міне осл ақтау).

Есеп беріп бұрынғыдан да қатарының тө дығының нығ тиының ленин қыян-кескі кү дің партияның тұрмысының табылады. Бізгі мен жеңілм осы. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Партия қалқының Ұлы Огулығының шарты сының ең аул Оталның тағды ген кезде, біз ында ауытқу генді білмейті ұйым болып к ытыңдысының марксизм-ленин қарсы, партияға және оның ға тырысқан ғындарға қарс

Талық Комитетінің партияның съезіне есепті баяндамасы

итетінің секретары Г. М. МАЛЕНКОВ жолдастың баяндамасы

ш соғатын, ілігі мен іс-әретіне сыяқ-қажет бол-

ың ішкі де-күзеге асыру і өрістету, ргандарының бақыла-тия ұйымдарды, өйт-я жұмысын мен партия не іскерлігін ішкі дем-өрістету ы шаралары ылық-саяси іктерді едә-тесті, бұл ілкен роль партия мүше-инициативасы солхоздардың ы ұйымдары жаңадан, ын партия ыбе түсігі, ырының және і.

жұмыстың партия ал-ден әлі де қатқандығы і. Мынаны ұйымдарының қателер ының түрме-ейде тігіт-і; бұларды

манды төкпейлік және тоғышарлық, жайбарақаттық пейілдерін, табысқа мәз болу және бұрылғы еңбектерімен күн көру ниеттерін тудырды. «Біздің қолымыздан бәрі келеді», «бізге бәрі де түк емес», «істің жайы жақсы» деп санайтын және жұмыстағы кемшіліктер мен қателерді ашу сыяқты, біздің ұйымдарымыздағы бұрыс және кеселді нәрселерге қарсы күресу сыяқты ойнама ұнамды емес іспен шұғылданып әуре болудың қажеті жоқ деп есептейтін талай қызметкерлер пайда болды. Өзінің зардабы жағынан зиянды бұл пікірлер кадрлардың нашар тәрбиеленген және партиялық жағынан тұрақсыз бір бөлегін шарпыды. Партия, совет және шаруашылық ұйымдарының басшылары кейде жыйналыстарды, активтерді, пленумдар мен конференцияларды думанға, өздерін-өзтері мақтайтын орынға айналдырады, осы себептен жұмыстағы қателер мен кемшіліктер, кеселдермен осал жерлер ашылмайты және сыяға түспейді, мұның өзі масаттанушылық және жайбарақаттық пейілдерін күшейте түседі. Партия ұйымдарына бейқамдық пейілдері еніп кетті. Партия, шаруашылық, совет қызметкерлерінің және басқа қызметкерлердің арасында қырағылықтың кемуі, ашыққауыстық, партия және мемлекет құпиясын жариялау фактілері бар. Кейбір қызметкерлер, шаруашылық істер мен табыстардың қызығына түсіп кетіп, әлі де болса капиталистік қоршау бар екендігін және Совет мемлекетінің жаулары бізге өзінің агентурасын жіберіп отыруға, совет қоғамының тұрақсыз элементтерін өздерінің пайсықтық мақсаттарына пайдалануға қоймастан тырысатындығын ұмыта бастады.

Біздің ісімізді ойдағдай алға басты

ті түрде жүзеге асыру оны өрістетуге кедергі жасайтын, сын үшін құғындал, құдалаушылық жасайтын адамдардың бәріне қарсы батыл күресуді керек етеді. Сын мен өзара сынның өрістелуіне көмектеспейтін қызметкерлер біздің ілгері басқан қозғалысымызға кедергі болып табылады, олар басшы болуға пісін жетпеген және олар партияның сеніміне ие боламыз деп есеп ете алмайды.

2) Партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің және басқа қызметкерлеріміздің бір бөлегінің арасында партиялық және мемлекеттік тәртіп әлі де болса нашар.

Біздің кадрларымыздың қатарында партия мен үкметтің қарарларына формальді қарайтын, ол қарарларды жүзеге асыру жолындағы күресте белсенділік пен қажырлылық көрсетпейтін, өз істерінің жайы нашар екендігін және елдің мүдделеріне зиян келіп отырғандығын еден қызмайтын талай қызметкерлер бар. Партия мен үкметтің қарарларына формальді қарау, ол қарарларды орындауға селкес қарау мейлінше аяусыз жою керек болатын кемшіліктер болып табылады. Партияға бергі өздерінің жеке басының тыныштығын жұмыстың мүдделерінен артық көретін қатып-семген, немқұрайды чигновниктер емес, қайта мемлекеттің мүдделерін бәрінен де жоғары санайтын, партия мен үкметтің директиваларын орындау жолында күресетін қажымас және жанқияр жауынгерлер.

Партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзудың ең бір қауіпті және залалды белгілерінің бірі — кейбір қызметкерлердің өздеріне бағынатын кәсіпорындар мен мекемелердегі істің шын жағдайы туралы шындықты жасырушылығы, жү-

серу деген нұсқауының жүзеге асырылуы әлі қанағаттанғысыз.

Фактілерге қарағанда, адамдарды дұрыс іріктеп алу және істің орындалуын тексеру іс жүзінде орталық және жергілікті партия, совет, шаруашылық ұйымдарының басшылық қызметіндегі басты іске әлі де болса айналған жоқ.

Орталықтың директиваларын және өздерінің қаулыларын іс жүзінде орындаудың нашар ұйымдастырылуы, олардың орындалуына тиісті бақылаудың болмауы — совет, шаруашылық және партия ұйымдарының практикалық жұмысында ең етек алған және үлкен орын тепкен кемшіліктердің бірі. Біздің ұйымдарымыз бен мекемелеріміз әртүрлі қаулыларды, директивалар мен бұйрықтарды көрегінен анағұрлым көп шығарады, бірақ олардың орындалуының және қалай орындалуының онша қамын жемейді. Ал істің мәнісі оларды, бюрократтарша емес, дұрыс орындауда ғой. Басшы органдардың директиваларын орындауға нын ниетімен қарамау, жауапсыз қарау бюрократизмнің ең қауіпті және қасақана көрінісі болып табылады. Тәжірибе мынаны көрсетеді: жақсы қызметкерлердің өзі де оларды өз бетімен қоя берсе, олардың қызметін бақыламаса және тексермесе, бұзылып, бюрократтана бастайды.

Партияның өте маңызды міндеті — басшылықтың бүкіл системасында, жоғарыдан төменге дейін барлық ұйымдар мен мекемелердің жұмысында бақылау мен істің орындалуын тексеруді барынша күшейте беру. Партия мен үкмет қаулыларының орындалуын тексеруге мұның үшін барлық ұйымдар мен мекеме басшыларының жеке басының жауаптылығын арттыру керек, орталықта да, жергі-

жолын осылай бұрмалаушылықтың салдарынан, кейбір ұйымдарда партиялық және мемлекеттік мүдделерден өз тобының мүдделерін жоғары ұстайтын, айналдырып өзі адамдарының тобы құралады. Мұндай жағдайдың дағдыда азғындаушылықпен іріп-шірушілікке апарып соғатындығы таян емес. Мысалы, Ульяновск партия ұйымында осылай болды, онда облыстық ұйымның жоғары басшы тобынан шаруашылық, совет және партия қызметкерлерінің бір бөлегі моральдық жағынан азғындады, қазнаны ұрлау, мемлекет дәулетін үлесін әкету, ұрлап жырлау жолына түсті.

Қызметкерлерді зерттеуге және іріктеп алуға кеңсенілік, бюрократтық көзқарас басшы кадрлардың құрамын бұдан әрі жақсарту ісіне үлкен зиян келтіреді. Кейде қызметкерлер анкета мәліметтері мен қағаз жүзіндегі анықтамалар бойынша іріктеліп алынады, қызметкерлердің іскерлік және саяси қасиеттері дұрыстап тексерілмей алынады. Кадрларды іріктеп алу ісінде олармен нақты сөйлесіп біліп алмай тұрып, оларды сырттан бекітетін немесе тағайындайтын теріс тәжірибе орын алды. Әрине, кадрларды іріктеп алу ісіне мұндай атүсті, бюрократтық көзқарас барында қызметкердің ұсынылып отырған жұмысқа лайықты келетін-келмейтіндігі туралы мәселені дұрыс шешу мүмкін емес. Қызметкердің қасиеттері мен кемшіліктерін анықтамайынша, оның жеке басшының қабілеттері қандай қызмет орында бәрінен де гөрі жақсы өріс алатындығын анықтау мүмкін емес.

Партия ұйымдары біздің аннотаттық барлық бұйындарында кадрларды іріктеп алудың және орналастырудың партиямыз

терді саяси оқыту және партиялық жағынан шыңдау ісін жақсарту бағытын ұстау керек, өйткені партия өз мүшелерінің санымен ғана емес, бәрінен бұрын олардың сапасымен күшті.

Партия органдарын нығайту, олардың жұмысын жақсарту және партия ұйымдарының жұмысын күшейту мәселелері соғыстан кейінгі дәуірде ерекше маңыз алды.

Соғыс аяқталып, бейбіт құрылысқа күште байланысты елдің алдына қойылған жаңа міндеттер партияның ішкі жұмысын мықтап жақсартуды, партия ұйымдарының мемлекеттік және шаруашылық жұмысқа басшылығы дәрежесін арттыруды керек етті. Әңгіме мынада: соғыс уақытының жағдайы партия басшылығы әдістерінде кейбір ерекшеліктер жасалуына себеп болды, сол сияқты, партия органдары мен партия ұйымдарының жұмысында ірі кемшіліктер тудырды. Мұның белгісі ең алдымен мынадан көрінді: партия органдары партиялық ұйымдық және идеологиялық жұмысқа көңіл бөлуін нашарлатты, осы себептен көп партия ұйымдарында бұл жұмыс ақсаған болып шықты. Партия органдарының бұқарадан қол үзуінің және олардың саяси басшылық ету органдарының, жауынгер және іскер ұйымдардан жергестік, мекемелік тар өрісті талаптарға және мемлекетке жат басқа да әртүрлі талаптарға қарсы тұра алмайтын, шаруашылық құрылысында партия саясатының тікелей бұрмалануын, мемлекет мүдделерін бұзушылықты байқамайтын өзінше бір әкімшілік-бөлу мекемелеріне айналуының белгілі хауіпі туды.

Осы хауіптің алдын алу үшін және жергілікті партия органдарын нығайту, партия ұйымдарының жұмысын күшейту міндетін ойдағыдай орындау үшін партиялық ұйымдық және идеологиялық жұмыстың ақсауын жою қажет болды, партия ұйымдарына басшылықтың әкімшілік әдістерін енгізу, партия жұмысы-

нашарлаған жерде бюрократизм, өзіндік ашпартымыздың жеке бұйындарының іріл-шіруі және тіпті азғыдауы сияқты сыйықсыз нәрселер пайда болуы сөзсіз екендігін партия есепке алмай отыра алмайды. Әрине, мұндай нәрселер бізде кең етек алып отырған жоқ. Біздің партиямыз бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде берік және сау. Бірақ мынаны түсіну керек: бұл хауіпті кеселдердің онша етек алмағандығының бір ғана себебі — партия, сын мен өзара сын қаруын пайдалана отырып, ол кеселдерді дер кезінде, ашық және батыл ашып отырды, даңдайсудың, бюрократизмнің және іріл-шірудің нақтылы белгілеріне үзілді-кесілді соққы беріп отырды. Басшылық даналығының өзі мынада: хауіпті ұрығында көре білу керек және оның қатер тұтызатын мәшһерге дейін өршуіне мүмкіндік бермеу керек.

Сын мен өзара сын партияның сау организмне зиян тигізетін кемшіліктерге, қателерге, кеселді нәрселерге қарсы күресте партияның сыналған қаруы болып табылады. Сын мен өзара сын Совет мемлекетін, советтік қоғамдық құрылысты әлсіретпейді, қайта нығайтады және мұның өзі оның күштілігі мен өміршеңдігінің белгісі болып табылады.

Өзара сын мен сынды төменнен өрістетуді қамтамасыз ету, біздің кемшіліктерімізді сынауды күшейтуге бөгет жасайтын, сынды тұншықтыратын, сын үшін күтындап, құдалаушылыққа жол беретін адамдарды партияның ең қас жаулары деп, оларға қарсы аяусыз күрес жүргізу кәзіргі уақытта өте-өте маңызды. Әңгіме мынада: соғыстың жеңісінен аяқталуына және соғыстан кейінгі дәуірдегі ірі шаруашылық табыстарға байланысты, партияның қатарында партия, шаруашылық және басқа ұйымдардың жұмысындағы кемшіліктер мен қателерге сын көзімен қарамаушылық етек алды. Фактілерге қарағанда, бұл табыстар партияның қатарында масаттанушылық, ду-

көрсететін болулары керек. Барлық ішкі қызметкерлердің, әсіресе партия қызметкерлерінің міндеті — ұйымдар мен мекемелердің жұмысындағы кемшіліктерді советтің барлық адал адамдарының батыл және қорықпай сынауына жағдай тұғызу болып табылады. Іс жүзінде жыйналыстар, активтер, пленумдар, конференциялар барлық ұйымдарда кемшіліктерді батыл және қатты сынайтын кең орыға айналуға тиіс.

Партия, совет, шаруашылық ұйымдарының және басқа ұйымдардың жұмысындағы кемшіліктер мен кеселдерге қарсы қажырлы күрес жүргізу бүкіл партияның күнбе-күнгі ісі болуға тиіс. Жұмыстағы кеселді нәрселер мен кемшіліктерге немқұрайды қарауға, ал одан бетер оларды партиядан жасыруға коммунистің догмасы жоқ. Егер белгілі бір ұйымда істің жайы нашар болса, партия мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келіп отырса, партияның мүшесі, ешкімнің бет-ажарына қарамастан, бұл кемшіліктер туралы партияның басшы органдарына, тіпті партияның Орталық Комитетіне дейін хабарлауға міндетті. Бұл — әрбір коммунистің борышы, оның өте маңызды партиялық міндеті. Бізде мынадай да басшылар бар, олар: егер өзіме бағынышты қызметкерлер кемшіліктер туралы партияның Орталық Комитетіне хабарласа, мұнысымен менің басшылық етуіме кедергі келтіреді және беделімді түсіреді деп санайды. Бұл сияқты зиянды және мүлдем партияға қарсы көзқарастарға батыл тыйым салу керек.

Партияның міндеті — сын мен өзара сынды барған сайын кең өрістету, бұл ізде кедергі келтіретіннің, бөгет жасайтынның бәрін жойып отыру. Біз жұмыстағы кемшіліктермен күресуге бұқараны неғұрлым көп қатыстырсақ, біздің барлық ұйымдарымыздың жұмысын төменнен бақылау неғұрлым күшті болса, барлық салаларда біздің ісіміз соғұрлым табысты болады. Сын мен өзара сын ұранын дәйек

есептеді. Партия өзінің барлық мүшелерінен ала отан бетер басшы кадрлардан шынығал және адал болуды, өзінің партиялық және мемлекеттік борышын мұлтқисіз орындап отыруын талап етеді, сондықтан партия, мемлекетке қарсы әрекеттер істейтін, үкіметке айлакерлік істеуге, партия мен мемлекетті алдауға тырысатын адамдарға сене алмайды. Партия мен мемлекетті алдаудың қандайын болса да, ол қандай формада білінсе де, шыындықты жасыру жолымен болсын немесе бұрмалау жолымен болсын алдау әрекетінің қандайын болса да партия алдында жасалған өте ауыр қылмыс деп қана қарауға болаты. Біздің партияда партияның қатардағы мүшелері үшін де басшылар үшін де бір-ақ тәртіп бар екендігін, совет заңдары үлкенді-кішілі барлық совет адамдарына бірдей міндетті екендігін түсінетін уақыт жетті. Партия мен үкіметтің қарарлары орындауға адал ниетімен қарамай айыпты болған, заңсыздық пен басыздыққа жол беретін басшылар үшін олардың қызмет дәрежесіне қарай ешбір жеңілдік берілуі мүмкін емес.

Міндет — партия мен мемлекет тәртібін бұзушылықты, жауапсыздық пен босандықтың, партия мен үкімет қарарларына атүсті қараушылықтың көріністерін батыл жою, біздің барлық қызметкерлеріміздің партия мен мемлекет алдында беріштылығы сезімін тынбастан арттырып отыру, шынығал еместік пен қыянатыншылықты аяусыз құрту. Партиядан шынықты жасыруға және партияны алдауға тырысатын қызметкерлердің партия қатарында болуына болмайды. Отанымыздың мүдделерін мұлтқисіз сақтау, партия мен үкімет қарарларын орындау жолында белсене және тынбай күресу — партия мен мемлекеттің әрбір қызметкерінің ең бірінші міндеті.

3) Ұлы Лениннің: ұйымдастыру жұмысындағы басты көрсек — адамдарды дұрыс іріктеп алу және істің орындалуын тек

Партияның жұмысінде басшы едәуір жақсарды. кадрлардың сапа күтөлық орыдалды. Кәзір, шаруалары озат техникет халқының мәшеусіз өсіп отыраға өзгеше, анағұқойылып отыр. Өуашылығында, паратында басқардардың, жаңалық озат, прогрестік творчестволық жоалатын, өз ісіне болуға тиіс. Бұған шіліктер бар, өйтға сай келетін баалу базасы бұрық болып отыр.

Басшы кадрлар ғайту кәзір, ең а зерттеу және ірі ұйымдастыруға ба үшін ең алдымен жұмыстағы кемш бұрмалаушылықта керек. Ал бізде б емес.

Негізгі кемшілі шы қызметкерлер іскерлік белгілері жағынан туысқан таныстық бойынш іріктеп алады. Ке тін, бірақ өткір бейтін, сондықтан дық тудыратын к сылтаумен қуыш дың орнына баға ке мүлдем жарам кейбір басшылар жағымды адамдар іріктеп алуға, же

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс ет